

**6D080800 - «Топырақтану және агрохимия» мамандығының докторанты  
Базарбаев Сұлтан Оразбайұлының «Қазақстанның тауалды шөлейт және  
шөл аймақтарының сұр, сұр-күрең және құмды топырақтары  
жайылымдарының деградациялану дәрежелерін зерттеу және оларды  
қалпына келтіру жолдарын құрастыру» тақырыбында жазылған  
диссертациясына және докторантқа ғылыми жетекшінің**

**ПІКІРІ**

Базарбаев Сұлтан Оразбайұлының жазған диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министірлігінің тапсырысы бойынша «Қазақстанның деградацияланған жайылымдарын мониторингтеу мен бағалаудың геоақпараттық жүйесін құрастыру, оларды қалпына келтіру жолдарын басқару» № 0118 ҚР 01223 бағдарламасы аясында жасалды. Ол еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға, халық шаруашылығын шикізатпен қамтамасыз етуге, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге және өңдейтін жұмысшылардың әл-ауқаты мен тұрмысын жақсартуға бағытталған. Аталған мәселелерді шешуде мал шаруашылығының алатын орны ерекше, ал оның тұрақты дамуы жайылым шаруашылығының жағдайымен тікелей байланысты.

Соңғы жылдары Қазақстанда табиғи жайылымдарды жүйесіз пайдалану етек алды. Соның салдарынан әртүрлі дәрежеде деградацияға ұшыраған жайылымдардың ауданы жыл сайын артуда. Бұл, әсіресе елді мекендердің айналасындағы жайылымдық жерлердегі пайдалы мал азықтық өсімдіктер қатарының сиреуіне, улы және жеуге жарамсыз зиянды арамшөптер санының артуына, топырақ құрамының, әсіресе, гумус мөлшерінің төмендеуіне алып келген. Мұндай жағдай Қазақстанның тауалды шөлейт және шөл аймақтарының сұр, сұр-күрең және құмды топырақтарының жайылымдарында да көрініс тапқан. Олардың жағдайын бағалау үшін ізденуші Базарбаев Сұлтан қарастырылған өңірдің деградациялану дәрежелерін мониторинг жүргізу арқылы зерттеп, оларды қалпына келтіру жолдарын құрастыруға елеулі үлес қосқан. Сөйтіп, тауалды шөлейт және шөл аймақтарындағы сұр, сұр-күрең және құмды топырақтардағы әртүрлі дәрежеде деградацияға ұшыраған жайылымдардың топырақ және өсімдік индикаторларын, олардың спектралдық ерекшеліктеріне мониторингтік бағалау мен оларды жақсарту жолдарының деректеріне сүйене отырып интерактивті карталар мен геоақпараттық жүйені әзірлеуге қатысқан.


Автордың өзіне келетін болсақ, ізденуші Базарбаев Сұлтан бакалаврда оқыған кезінен бастап ғылыми жұмыстарға араласуда. Ол ғылыми жұмысты жүргізу барысында далалық және зертханалық әдістерді меңгеруді жетілдіріп, өзінің ғылымға бейім, жауапты және еңбекқор жас ғалым ретінде көрсетті. Онымен қоса «топырақтану және агрохимия» кафедрасының оқу үдерісін ойдағыдай аяқтап, өзін тиянақты, білімі нақтылы, мәліметтерді жылдам қабылдап, терең және жан-жақты салыстыра зерттеуді жүргізе

алатын азамат екендігін дәлелдеді. Сондықтан болар Базарбаев Сұлтанның ғылымға деген қызығушылығы диссертациялық жұмысты жоғары деңгейде жазуға және оның мазмұнын терең ашуға мүмкіндік берді. Оның нәтижелері келешекте еліміздің стратегиялық міндеттерін шешуге бағытталады.

Қорыта келе, Базарбаев Сұлтан Оразбайұлының «Қазақстанның тауалды шөлейт және шөл аймақтарының сұр, сұр-күрең және құмды топырақтары жайылымдарының деградациялану дәрежелерін зерттеу және оларды қалпына келтіру жолдарын құрастыру» тақырыбында жазылған диссертациясы, өзінің ғылыми жаңашылдық элементтері бойынша Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығының дамуының басым бағыттарына және Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің ғылыми дәрежелерді беру тәртібі туралы ереженің талаптарына толық сәйкес келеді. Ал диссертациялық жұмыстың авторы Базарбаев Сұлтан Оразбайұлын жетілген жас ғалым ретінде 6D080800 – «Топырақтану және агрохимия» мамандығы бойынша философия докторы PhD дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

**Ғылыми кеңесші,  
ҚазҰАЗУ-нің «Топырақтану,  
агрохимия және экология»  
кафедрасының  
қауымдастырылған профессоры, PhD**

**Наушабаев А.Х.**



02.06.2023